



83.3(5к23) №439

А13



АБАЙ

МҰРАСЫ - ТІЛДІК ӨРІСТІҢ НЕГІЗІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
ЖӘНЕ СПОРТ **МИНИСТРЛІГІ**
ТІЛКОМИТЕТИ

Л.ГУМИЛЕВ АТЬШДАҒЫ ЕУРАЗИЯ **ҰЛТТЫҚ**
УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙ МҰРАСЫ - ТІЛДІК ӨРІСТІҢ НЕГІЗІ

Халықаралық **ғылыми** - теориялық
конференция материалдары

“Информ —А”
Алматы - 2005

ББК 83.3 Каз

А 13

А 13 **Құрастырған** — Карлығаш Ахаева.

Пікір жазғандар — Серік Негимов, филология
ғылымдарының докторы, профессор;
Гүлбану Әмірова, филология ғылымдарының
кандидаты, доцент.

Редакция алқасы:

А. Егебай, З. Ерназарова, Т. Жүртбай, Д. Қамзабекұлы,
Д. Қыдырәлі, М. Мырзахметұлы, Б. Омаров (төраға),
С. Серғалиев, Ж. Сарбалаев, Т. Бағашарова (жауапты
шыгарушы)

**АБАЙ МҰРАСЫ — ТІЛДІК ӨРІСТІҢ НЕГІЗІ. Халықаралық
ғылыми-теориялық конференция материалдары. —
Алматы “Информ-А”, 2005 — 368 бет**

ISBN 9965-27-929-2

Бұл жинакқа 2005 жылғы 10 қыркүйекте Астана
қаласында өткен "Абай мұрасы — тілдік өрістің негізі"
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
материалдары топтастырылды.

ББК 83.3 Каз

A 4603020102
00(05)-05

© "Тіл комитеті"., 2005
© “Информ-А”. 2005



160
ЖЫЛ

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

2005 жыл - халқымыздың ұлы ақыны, ұлт әдебиетінің классигі, қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін салушы - Абай Құнанбайұлының 160 жылдық мерейтойымен ерекшеленіп отыр. Абай - әлемдік тұлға. Абай есімі адамзат ойының ата көрнекті алыптарының қатарында үкіл әлемге әигілі болып отыр. Сол өз халқының мұң-мұқтажын, мәлсниетін, қоғамдық-философиялық ғыларын, көркемдік ізденістерін жаңа сапаға көтерген жан.

Абай - қазақ халқының тарихи көшінің ілгері бастаушы, ой-пікірлерінің шеңберіндең кеңейтуші ретінде ұлттық болмысымызға дара біткен жарық жүлдүз. Абай тағлымы онның даналығында, Абай даналығы онның ләндыспандық ойлары мен парасатты сөздерінде, Абай парасаттылығы онның ағартуышылық ой-түйіндерінде, ал ұстаздық ойларының асқар белесі өлтәрбиесінде деген білемін.

Осы орай да, Тіл комитетінің ұйымдастырып отырған осы салиқалы жиынға еліміздің кернекті әдебиет, мәдениет және ғылым ғызметкерлерімен бірге шетел ғалымтарының, Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлерінің де қатысуы. Аба сияқты ұлы ғынның, кеменгер ойшылдың асыл мұрасын насихаттаудың өрісін кеңейтіп, әлем халықтарының рухани игілігіне айналдыруда одан әрі ықпал етеді деп сөнөмін.

*Есетжан ҚОСЫБАЕВ,
Казақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат
және спорт министрі*

*Бауыржан ОМАРОВ,
Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі Тіл комитетінің
төрагасы, филология
ғылымдарының докторы,
профессор*

АБАЙ МҰРАСЫ МЕН БҮГІНГІ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРИНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бүгін біз 160 жылдығын тойлап отырған ұлы Абай рухани саланың қай түрінде көшбастаушы бола алады. Бұл — даусыз ақиқат. Абайдың ұлылық формуласы ойды ояттын, көңілді қозғайтын мәселелердің бәрін де шешеді. Тығырыққа тіреліп, шығар жол таппай қиналғанда әр нәрсені қарманып, таяныш таппай, ақыры қара шалдың қалдырған мұрасына жүгінетініміз сондықтан.

Бұл жыынды біз Абай мұрасының тіл мәселелерімен төркіндестігіне арнадық. Ақын зерделеген толғауы тоқсан қызыл тілден шықкан сөз тек ұлт тілін білетіндердің ғана қадір тұтатын қастерлі нәрсесінде айналып тұрған шакта осы мәселені Абай танымы, Абай тағылымы арқылы саралап көргенді жөн санадық.

Қазір тілге деген көзқарастың тірілген заманы. Тілді тіліне тиек етпейтін адам жок. Бұл мәселе дамылдамас додаға, көнтерілі көкпарға айналғалы қашан. Бірақ, тек ұлт бесігін тербеткендер ғана ак тер, көк тер болғанымен, Абай айтқандай, тіл жүректің айтқанына көнбей тұр. Бас-басына өңкей қиқым болғандардың көбісі тілден қалған. Тілден қалған соң Абайды аудармадан оқып рахат табады. Аудармадан оқыған соң тұпнұскадан окудың тұпсіз тереңдігің, ғажайып ғибратын сезінбейді. Соларға біреу “тіл білмейсін” десе, онша намыстанбайды. Ал “Абайды оқымаңсың” десен, қылғынып өле жаздайды. Тіл білмеу мен Абайды танымау дегеннің бір-ак нәрсе екенінің байыбына бармайды. Ендеңе, Абайды оқымағандығын бетінде басу арқылы тіл білмейтіндерді тәлтіректетуге болады.

Олардың Абайды оқымағаны үшін әзірге ояныңырап тұрған намысын тілді білмегені үшін де ұялатындағы етіп қамшылау керек. Аударманың шебері Абай атамыз ұрпағына мұрасын аудармадан оқысын деп қалдырған жок қой. Демек, бұдан түйетін алғашқы түйініміз, Абай мұрасы — тілітұтыққандардың ұлттық иммунитетін оятатын құдіретті құрал.

Бар қазакты шартты түрде, ақын жырындағыдай мемлекеттік тілді білетіндер деп, мемлекеттік тілді білмейтіндер деп, екіге бөлмей-ақ кояйық. Бірақ, өз тілінде өмірбаянын оки алмайтын туыстарымызды тек аяудан баска амал жок. Өйткені, олар Абайды танымайды. Ал ұлы Абай бүгінгі тілсіздерді танып өткен, танытып кеткен. "Сіз "Абай жолын" оқыған жоқсыз ба, онда ештеңе де оқымағансыз", - деген Альфред Курелланың сөзінің сәл өнін өзгертіп, "Сіз Абайды оқыған жоқсыз ба?" десек, кеудесінә нан піскен талай адам үнсіз қалар еді. Демек, тіл білмеудің бар қасіреті — Абайды білмеу. Алты аудармашы іюмесе тоғыз тәржімашы қатар отырып қай тілге котарса да, Абай шыны ешқашан алдырмайды. Ендеше, қазақ Абайды казакша оқу керек. Сонда ғана Абайдың қазакы күрсінісі құлаққа келмек. Қазақ жаппай қазақша үйренгенде ғана Абай қазактың бар баласына құшағын айқара ашады. Бұл — Абай мұрасы міндеттейтін келесі тұжырым.

Тілдің тамырына біз сұққан отарлау дәуірінің болмысын, зорлықшыл жүйе пей і лін өзгерген замана адамдарының кескін-кейпін Абайдан артық айшыктап айтқан ақын жок. Абай ішсік қырындысына дейін суреттеген кеспірсіз коғамдағы біркатор бейнелер өнін өзгертулған күні күні бүгінге дейін жетті. Ұлы ақын тұр-сипатын анғартқан "Іші — залым, сырты — абыз" ел азаматтары. "Пайда деп, мал деп туар ендігі жас, Еңбекпен теріп сатып тұзден жимас", — деп сықытын танытқан, жаздықуні найзағайға нан пісіріп. Қысты күні кар сатып, каражат жинаған. жан қинамай мал тапқан кәсіпкерлср, "Күлмендеп келер көздері, қалжынбас келер өздері", — деп сипатталған казіргі заман жастарының біразы мемлекеттік тілге пысқырып та қарамай тұр. Пәленбай ғасырда. өз тілін ұмытып, негізінен ажыраған, ниеті дұрыс, бірак тілі құныс ұрпақтың бой көрсететінін ұлы ақын капысыз болжаған тәрізді. Жаһандану әлемінә ала қашқан зымырандардың жалына жармасып, алға

ұмтылған, рухы жыртылған, тілі қырқылған бүгінгі буынға Абай разы бола қояр ма еді. Он тоғызынышы ғасырдағы отарлау саясатының сілемдері жиырмасынышы ғасырдың аяғына дейін жон арқасын көрсетіп келсе, сол саясаттың салқыны тиген кейбір құбылыстар жиырма бірінші ғасырдың табалдырығынан бізбен бірге аттады. Абай мынмен жалғыз алысса, қазір тіл білетін қазақ тіл білмейтін қазақпен күнде арпалысып жур. Бір ғажабы, алдыңғысының үні әлі де өктемдеу шығады. Кейінгісінің де даусы зорайып, қатары көбейіп, беттескеннің бетін кайырып келеді. Эрине, ел ішінде орысшасы орысты жаңылдыратын, қазақшасы талайды табындыратын қазақтар да бар. Сондай-ақ қазақшадан басқа тілдің бәрінде жорғадай көсіліп, жыраудай жосылып тұрған қазақтар да жеткілікті. Алғашқылары азаймаса, кейінгілері көбеймесе, ұлттың ұлы мәдениеті ілгері баса бермек. Өз тілінді жетік біліп, өзге тілді жете үйренудің үлгісінің өзі — Абай. Абайдың тек-тұлғасы мен тіл-танымының арасында айырма жок. Оның болмысының өзі сананды сөулелендіріп, ұлтыңды ұлықтап, тегінді танып, тілінді ту етіп көтеріп, тұғырға қондыруға міндеттейді. Ұлы акынның ұлағатты мұрасынан ашар тәлімнің тағы біреуі осы.

Тіл тазалығы деген үғымды салмактап-сарапалауға Абай мұрасы өлшем бола алады. Қазір тілді әбден шүбарлап біттік. Электронды ақпарат құралдары тілдің намысын жыртуға дә сөлін құртуға да айтарлықтай үлес қосып жатыр. Қоғамда күріш қалашықтаған ет сықылды ойдым-ойдым қазақы тір әстері болғанымен негізінен орыси сипат алған қойыртпақ тіл үстемдік құрып тұр. Кітапты жастанып жатып оқыған үрпактың теледидар құшактап өскен баласы тілдің мәйегін сүйегіне сініре алмай-ақ қойды. Сегіз ұлдың салмағын жалғыз өзі көтеретін Ерназардың Ертөстігін аяқ-қолы қатар қимылдайтын әйлекен төбелескіш Ван Дамның бір бәшпайына айырбастамайтын балалар өсіп келеді. Бекежанды білмейтін, Джекки Чанды пір дейтін өрендер қаптап барады. Өздері осы заманғы өнердің жеті атасын менгерген. Компьютердің құлағында ойнайды. Интернетке кіріп, ит арқасы киянға барып қайтады. Өз үйінде отырып, өзге елдің оқуына түсे алады. Бірак, өз тілін үйренуге келгенде самарқау. Тілге келгенде құдды бір Ұлтан құл мен Бадамшаның некесінен туғандай меніреу. Солардың себебінен

қазір қоғамда жас қазақтың жаргон тілі пайда болды. Бұл тілді пайдаланатындар өте көп. Ал Абай атамыз "Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы" дегенді баяғыда айтқан. Ол тілдің нәрі қымыз, торі жайлау болған өз заманында тілдің тазалығына мән берген. Тазалықтың өзінен тазалық іздеген. Өз алдындағы мықты ақындар Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың өлеңжырларына поэтикалық-эстикалық түрғыдан сын айтқан. Қазақ жырының хас шебеглөрінің өлең өрімдеріндегі артық-аудыс жамау мен болар-болмас құрауды тіліне тиек етіп, жамауды білдірмеуді, құрауды ілдірмеуді көнілі қалаған Соның өзін әйгілі үш ақынның мәнді мұрасының бағасы кемімейтіндей етіп жеткізген. Ұлт өлеңінің үш бәйтерегіне Абай абылдық биіктен қараған. Мұны Жұбановтан Жұмағали Ысмағұловқа дейінгі тегеурінді тілшілер мен әжептеуір әдебиетшілердің бәрі де айтты. Олай болса, тіл тазалығы үшін тайталаста Абайдың таным таразысын куатты кару етіп ұстанғанымыз дұрыс.

Абай мұрасы — тіл игерудің ең үздік әдістемесі, дұрыс сөз құраудың, дұрыс ойлаудың өмірлік оқулығы. Өз тілінде ойлап, өзге тілде сайрау үшін де ғұлама ақынның ой-тұжырымдарының тереңіне үнілу керек. Абай күнсіздерге күн болмауы мүмкін, бірақ тілсіздерге тіл бола алады. Тек тұшынып оқуға талап қылса ғана. Бәрібір бізге Абайды қазакша оқи алмайтын қазақтың ішін мысық тырнап тұратын сияқты көрінеді. "Оң өзгерісті" "он өзгеріс", "қара сөзді" "карасоз" деп айту кімге оңай тиіп жүр дейсін?

Кызыл тілдің әрлеп-әдіппеп шеберлікпен жасайтын өнімі — сөз. Сол сөздің қадірі туралы да Абай жеріне жеткізе айтты. Өзі өмірінде көрмеген неміс жеріндегі тау-тасты аударманың құдіреті арқылы казақы кейіпке енгізген Абайдан бүгінгі тәржімашылардың алар тәлімі де көп. Абай Гете мен Крыловтың, Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін зерлі шапан жауып, өңірін өмілдірік тағып берді. Және оны жарасатындей қылып жапты, үйлесетіндей қылып такты.

• Абайдың:

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тындағыш қанша коп болса,
Сөз үфарлық кем кісі, —

деген көніл таразысының өлшемі санада санылаудың болуын ғана емес, сөздің келісті, тілдің өрісті болуын да міндеттейді. Ұлы ақын айтқандай, жүрек кірсіз, тіл мінсіз болса, сөз атаулы көкірекке сәуле түсірмек. Тіл мәселесіндегі түйткілдерге жауап іздегендегі Тіл туралы заннан бұрын Абайдың қос томдығына қол созатынымыз да сондықтан.

Сарсенгали ЭБДІМАНАПОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің ректоры,
Халықаралық жыгары мектеп академиясының академигі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

**АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ
МӘДЕНИ БЕЛЕСІ**

Қазақ халқы үшін Абай мұрасы - әрқашан рухани темірқазық. Өйткені, А.Құнанбайұлы шығармашылығы ұлт әдебиеті мен мәдениетінің сапалық кезеңін көрсетеді. Ақын мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушылар көбіне-көп дара тұлғаны әдебиетші ретінде сипаттайды. Ал, жалпы қоғамға тигізген игі ықпалын және мәдениетті өрістетуге жасаған тарихи қызметін айналып өтіп жатады.

Университет - білім мен мәдениеттің ордасы. Ұлттық университет кез-келген елдің рухани жетістігін кешенді түрде оқып, зерделдейді. Осы ретте Абай мұрасы Қазақстандағы университеттер-дің негізгі мәдени арқауы болуы - ақылға сыйымды құбылыш. Бұл мәселе кенірек ой бөлісуді, пікір алмасуды қажет етеді.

Дана ақын замандастарына және кейінгіге айтқан бір өлең сөзінде:

Білімдіден шыққан сөз,
 Талаптыға болын кез.
 Нұрын, сырын көруге,
 Көкірегінде болын көз, -

дейді. Бұл сөз өскен, елдікті ойлаған азаматтарымыздың қай-

қайсысының болсын жүрегі мен санасында жатталып калғаны белгілі. Қазақстанда алғаш педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындары ашылған кезеңдерде Алаш қайраткерлерінің ақын Абайдың рухани мұрасына жиі жүгінгені жайдан-жай болмаса керек.

Абай:

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсен жеткізбес, -

деп жазады. Осы бір үзіндіден тоқтаусыз уақыт **пен** тынымсыз қозғалыстағы адам ойының үздіксіз дамитыны, жетілетіні айқын аңғарылады. Абайдың олеңдері мен қара сөздері - кітап үшін жазылған құр нақыл емес, олар — өмір ағынының сипаты мен елесі, суреті мен пәлсапасы. Сол себепті де әрбір буын ақын мұрасына өзіндік таным-талғамымен қарайды. Өнегелі сөзінен қажетін алады. Ой астарына барлап, заманының келбетін бағамдайды.

Тәуелсіз Қазақстан Абай тұлғасын **жан-жақты** игеруге қам жасауда. Осы орайда негізгі салмақ білім саласына түсетіні белгілі. Республикалықтың жоғары оқу орындары қазіргі кезде арнайы оқу бағдарламасына Абайтану курсын енгізіп, үлт ғұламасының еңбектерін зерттеп, насихаттау ісіне үлес косып отыр. Солардың қатарында XXI ғасырдың оқу орны ағалып кеткен біздің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия үлттық университеті де бар екенін мактандыспен айтамыз.

Ақын Абай қазақ халқының баянды тағдырын ел аралық, мәденист аралық байланыспен сабактастырғаны мәлім. Бүгінгі күннің шындығында Қазақстан көп векторлы саясат ұстанып, Еуразия кеңістігінің орталығынан әлемдік мәдени достастық кеңістігінің орталығына айналуға жұмылып отырғаны айқын.

Баршамызға белгілі, Еуразия кеңістігінің басым бөлігін алып жатқан Кеңестер одағы тарих қойнауына еніп, келмеске кеткеннен кейін, оның орнына жаңа мемлекеттер ірге көтерді. Ондаған жылдар бойы бодандық қамытын киіп **келген** елдер егемендік алып, тәуелсіздіктерін тойлап жатты. Ата-бабамыз ғасырлар бойы арман еткен азаттыққа қол жеткізген қазақ халқы да осы тұста өзінің тәуелсіз мемлекетін құрып, көк байрағын

желбіретіп, әлемдік кауымдастыққа қадам басты. Тәуелсіздігі мүшел жастан енді ғана асқан еліміздің бүтінде әлем таныған іргелі елге айналып отырғанын көріп, тәубе дейміз.

Дегенмен, тәуелсіздік алған тұста қым-қиғаш киындықтар жаң-жактан қыспаққа алғанда елдің ертеңіне сенбеушілер де табылды. Өйткені, тәуелсіздіктің алғашкы жылдарында бұрындары бір орталықтан басқарылып, әлеуетті қолдың усында экономикасы бір-бірімен кірігіп, бірігіп кеткен жүйеден шыққан балғын елдердің әлеуметтік - экономикалық ахуалы сын көтермейтін жайда еді. Соның салдарынан тәуелсіздігін жаңа алған елдерде түрлі қыншылықтар бас көтеріп, дағдарыс белен алды. Кенестер одағына қарасты көпшілік елдердің басын біріктірген тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) іс жүзінде жоспарлағанын орындан алмай жатты. Міне, осындағы қысылтаяң шакта Еуразиялық Одақ идеясы туындалды. Дәлірек айтқанда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылдың 29 наурызында Мәскеу қаласына арнайы іс-сапармен барғанында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ұжымы алдында баяндама жасап, Еуразиялық Одак құруды ұсынды.

Жалпы, Еуразия идеясы XX ғасырдың 20-жылдары орыс ойшылдары Н.Трубецкой, П.Савицкийлерден бастау алғаны тарихтан белгілі. Ал, университетімізге аты берілген танымал ғалым Л.Н.Гумилев бұл идеяны жаңа белеске көтеріп, Еуразия кеністігін біріктіруде түркі халықтарының тарихи ролін атқарғанын жан-жакты дәлелдеп берді.

Бұл - Еуразиялық түсініктің ғылыми жағы. Ал, халықтық рухани танымға келсек, Батыс мәдениетін игерген Ресейді үлгі тұтқан, пайдасына жакын, заарынан қашық болуға шақырған Абай буынының енбегі орасан. Абай, Шоқан, Үбырайлардың зайырлы ұстанымы кейін Алаш тұсында Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа бастаған зиялдылардың әлеуетімен толыққаны - тарихи шындық.

Дегенмен, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың көтерген Еуразияшылдық идеясы мұлдемжаңа сипатта болды. 1994 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде жасаған баяндамасында Нұрсултан Әбішұлы тәуелсіз елдердің терезесі тен ынтымактастығын ұсынды. Әуелі бұрынғы Кенестік

республикаларды қамтитын бұл одак Еуразия кеңістігіндегі елдердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын камтамасыз етіп, экономикалық-әлеуметтік интеграцияға үндеді. Өйткені, өз сөзінде Елбасымыз: "Біз, бірінші кезекте Еуразия кеңістігінде тек ғаламданған интеграция кұрамыз. Бұл, біздің елдер мен халықтардың мұддесіне қызмет ете алады. Бұл - түпкілікті қираудан қорғайтын жалғыз жол және болуы мүмкін гөсаяси қақтығыстар мен әлеуметтік-саяси катаклизм үшін жалғыз кепілдік бола алады" деп, атап көрсеткен болатын-ды. Расында, Еуропа Одағы әлемдік деңгейге үмтүлу үшін аймақтық ынтымақтастықтың маңызын тәжірибе жүзінде көрсетіп берді. Сол сияқты, Еуразия Одағы идеясы экономикалық интеграция, табиғи ресурстарды пайдалану жолдары мен тасымалдау, халықаралық байланыс, терроризмге қарсы ортақ қауіпсіздік шаралары, экологиялық апаттың алдын алу сияқты мәселелерді басты нысана етіп алып, тәуелсіз мемлекеттердің тең құқылы достастығын жақтады. Іргені бекіте отырып, өрісті кеңейту болып табылатын бұл интеграцияда әр елдің ұлттық мұддесі мен мемлекетшілдік идеясы басты назарда болып, ешкім өзгенің салт-дәстүрі мен құқына қол сұқпайды. Сондықтан, Еуразиялық таным тар шенберге сыймайды. Өйткені, Еуразия — аймак тоғысуын, жер бедерін белгілеген жай қарабайыр сөз емес. Әр кезең, әр ел Еуразияға өз түсінігімен қарағаны сияқты тәуелсіз Қазақстан да бұл құбылысқа өзінше қарайды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еуразияшылдық идеясында еліміздің менталитетіне жақын тазалықтың, ашықтықтың нышаны айқын көрінеді. Қазақстан томаға-түйік ел емес. Сондықтан қазақ халқының бойында атам заманнан бар демократиялық негіз жаңа заманын әлемге ортақ биік құндылықтарымен ұштасуы керек деп сссртейміз. Еуразияшылдықтың бір аты - тұптеп келгенде, мәдениет. Мұны бүкіләлемдік құбылыс болып саналатын жаһандану кезеңінде тәуелсіздік, мемлекеттік мұдде, ұлттық тұластық және ұлттық құндылықтарды бәрінен жоғары қоя білген Елбасымыздың әрбір әрекетінен айқын аңғаруға болады. Сондай-ақ, "Мәдени мұра" сынды ұлттық құндылықтарымызды түгендейтін иғі шаралар мән еліміздің ірге бекітіп, шекара жайын заң жүзінде шешіп алуы да сөзімізге дәлел бола алады. Осы орайда ерекше айта кетерлік жайт - қазақ елі тарихында

тұңғыш рет іргелес көршісі Ресеймен заң жүзінде ресімделген мемлекеттік шекараға кол жеткізді. Бұл - тарихи маңызы зор құжат болып табылады. Сондықтан, менің ойымша, келешекте Атлант мұхиты мен Тынық мұхитының арасындағы алғы құрылышты және Батыс пен Шығысты өзара ынтымақтастыққа бастайтын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "Еуразия Одағы" идеясы әлем жүртшылығы үшін жаңа бастама деуге болады.

Бұл орайда XIX ғасырдың күрделі кезеңінде тұрып, Батыс пен Шығыстың мәдени күндылығын тен менгеруді ұсынған және оқып- игерген білімді адамзатты алалауға емес, біріктіруге жұмылдырған Абай мұрасының тарихи мәні арта түседі. Ол мұра жаңа заман ынтымақтастығының рухани іргетасы болып қала береді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, көптеген елдер тығырықтан жол іздеген тұста айтылған Президент Н.Ә.Назарбаевтың батыл ойы, тың идеясы сөз жүзінде қалып қоймады. Аймактық қауіпсіздік пен ынтымақтастық мақсатын да туған Орталық Азия ынтымақтастығы, Кеден бірлігі, Шанхай бестігі, Еуразия ортақ экономикалық кеңістігі жоне тағы басқа қауымдастықтарды осы Еуразия Одағы шенберінде қарастырған жөн. Сонымен қатар, Елбасы биылғы жолдауында Орталық Азия елдері Одағын құруды ұсынып отыр.

Осы ретте айта кетерлік жайт, еліміз егемендік алғалы бері алқалы жиындарда бой көрсетіп жүрген Елбасымыз қашанда бірлік, ынтымақтастық жайынан соз қозғап, қазақ халқының бауырмалдығын, оның татулық пен бейбітшілікті қолдайтық сенім мен сүйіспеншілікті асқақтайтын дарқан мінезін әлемге паш етуімен келеді. Мәсслен, тәуелсіздігімізді жаңа алған тұста Біріккен Ұлттар Ұйымының Ассамблеясында сөйлеген сөзінде "Келіңіздер, күшімізді біріктірейік, срікті ынтымақтастық қадамын жасап корейік, сөйтіп дағдарыстағы онірлер мен дамыған елдердің проблемаларын шешу үшін барлық елдердің әскери бюджетінен бір пайыз берейік" деген Елбасымыздың онтайлы ұсынысын біраз елдердің өкілдері тек 2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған оқиғадан кейін ғана түсіне бастағандай. Сондай-ақ, әлемдік өркениеттер қақтығысына жол бермеу үшін жасаған қажырлы енбектері, діннің сүйіспеншіліктін кепілі ретінде адамзат баласының тарихында алар орнын

корсету мақсатында үйымдастырған дәстүрлі діндер мен конфессиялардың өкілдерін Астанаға жинап, басын қосуы, Еуразия кеңістігінде өзіндік орны бар екі қырғиқабақ мемлекет - Үндістан мен Пәкістанды өзара мәмілеге шақыру және тағы басқа иті іс-шаралар мұның жарқын айғағы іспеттес.

Осындауда абыз Абайдың:

Жүректің козі ашылса,
Хактың түсер сәулесі, -

деп жиі айтқан сөзін адамзат баласы ескерсе күба-куп болар еді. Біз де осы жолдарды қуаттай отырып, адамзаттың құндылыктарды қастерлеп, жұмыр жердің ортақ игілігі үшін жұмылған Қазақстанның болашақта Еуразия кеңістігіндегі алып елге айналарына толық сенім білдіреміз. Әйткені, әлемдегі тұрақтылық пен тыныштықтың сакталуы үшін аянбай тер төгіп келе жаткан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен енбегін бүтінде әлем жүртшылығы мойында, лайықты қабылдады.

Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан ұсынылған идеялар біртінде шындыққа айналуда. Елбасымыздың Еуразия идеясының іске асқан тетіктерінің бірі ретінде бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті бой көтеріп, еліміздегі іргелі оку орындарының біріне айналды. Елбасының 1994 жылы жасаған "Еуразия Одағы" идеясынан араға екі жыл өткеннен кейін іргесі каланған университет бүгінде Еуразия университеттер қауымдастырының мүшесі ретінде олемдік деңгейдегі оз орнын табуға үмтүлуда.

Мемлекет басшысының жарлығымен 1996 жылы құрылған Еуразия Ұлттық университетінің құрылышы Астанамен қатар басталды деуге толық негіз бар. 2002 жылы Наурыз мерекесіне орай университет студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамы алдында сойлғен сөзінде Елбасымыз "Елорда Астанаға келгешіл кейінгі ең алдымен қозғаған мәселеміз - осы Еуразия университетін салу болды" деп, атап көрсеткен болатын.

' Еуразия кеңістігінің кіндігіне орналасқан Қазақстанның бас қаласы — Астанада бой көтерген университетов әйгілі ғалым, Еуразия идеясының белсенді жактаушысы, түркі тарихының білгірі Л.Н.Гумилевтің аты беріліп, оның Еуразия университеті деп аталуында да үлкен мән бар. Оның үстінде, университет

жанынан орын алған М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы да Еуразия идеясының алғашкы көрінісі сиякты. Осындай мәртебелі оку ордасымен ынтымақтастық аркасында Еуразия Ұлттық университетіне Ресейдің тандаулы ғалымдары келіп, тұрақты дәріс оқып тұрады.

Еуразия танымын зерттеп-зерделеу мақсатында университет жанынан «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер орталығы мен «Еуразиятану» институты ашылған. Орталық түркітанумен, әлемдік тарихпен байланыстағы Еуразия мәселелерін қарастырса, институт еуразияшылықты өркениет негізі ретінде зерттеп, қарастырады.

Сонымен қатар, Еуразия ұлттық университетінде жыл сайын халықаралық Еуразия ғылыми форумы өткізіліп тұрады. Өткен жылы бұл форум аясында "Еуразияшылдық: идеядан нақтылыққа" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Шетелдік ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатынасқан бұл конференцияға Елбасымыз атбасын тіреп, Еуразия идеясының өткені мен бүгіні және болашағы жайында сөз козғап, келелі ойлар айтты.

Еуразия танымы тек Ресеймен ғана шектеулі болмағандықтан, оку ордасы әлемдегі, соның ішінде Еуразия құрылышындағы көптеген университеттермен, ғылым ордаларымен тығыз байланыс орнатқан. Батыс пен Шығыстың көптеген тандаулы білім ошактарымен екі жақты келісім жасалып, ынтымақтастыққа қол қойылған.

Университетте шет елден арнайы шақырылған маман ғалымдар дәріс оқиды. Университетімізге жоғары дәрежедегі ресми қонақтар келіп, білімгерлер мен оқытушы-профессор құрамымын кездесіп жатады. Мәртебелі қонақтардың барлығы-біздің күрметті профессорларымыз. Әрине, аталған тұлғалардың сыртында әр елдің елшілері, ғылым және саясат қайраткерлері барын мактанышпен айта аламыз.

Жаңа жыл қарсаңында Швейцарияның беделді ұйымы біздің университетті «Іскерлік тәжірибедегі жоғары сапасы үшін» деп аталағын алтын медальмен марапаттады. Бұл жетістік те - ЕҰфа келіп, енбегіміз бен талабымызды көрген шетелдік мәртебелі қонақтардың ілтипатымен, ұсынысымен келді деп санаймыз.

Сонымен қатар, бізде әлемге белгілі, өзіндік қалыптастырыған мектебі бар мамандар, ҚР ҰҒА академиктері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, ҚР Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегерлері қызмет жасайды. Ал, шәкірттерге келсек, 2004 жылы- 129; 2005 жылы-352 «Алтын белгі» иегері біздің университетті таңдады. Бұғынгі тілмен айтсак, бұл да ЕҰУ рейтингін көрсетеді. Бір сөзben түйіндесек, Еуразия ұлттық университеті еліміздің ғылым-білім саласында, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде елеулі орын иеленіп отыр.

Әр дәуірдің ерекшелігі адам баласын өз шарты бойынша өмір сұруге икемдейді. Откеніміз бен бұғінімізді салыстыра Караганда, әлемдік ой-сананың дамуымен бірге бұл зандаудықтың да күрделеніп бара жатқаны байқалады. Жақсы өмір, жарқын болашақ үшін күрес барысында біздің де осы зандаудықпен санасуымызға тұра келеді. XXI ғасыр - әлемдік мәдениет пен ғылым-білім сарапка салынып, бәсекеге кеңінен жол аштың, шарты қатаң болса да, тер төккенге берері мол ғасыр болмақ. Әуелден бетке алған темірқазығымыздан жаңылмай, ағыны қатты сел секілді жаһандануға жұтылып кетпей елдігімізді мұқият сақтасақ, мемлекетімізге абырой. Ал он бағыт түземей, онша отауда томаға түйілкі қалсақ, бұл құдды тасқынға жұтылумен бірдей.

Сондықтан, еліміз Еуразия кеңістігіндегі жетекші мемлекеттің біріне айналуы үшін әрине, алдымызда жоғары оку орындарымызды заман талабына сай, бәсекеге қабілетті етіп жасактау міндеті тұр. Бұл ретте, мемлекетіміздің басшысы 2004 жылы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында «Елдің тандаулы жоғары оку орындарының шағын тобын біз таяу арада айқындаимыз, ал мемлекет оларды дамытуға белсенді түрде қатысатын болады» деп, отандық ЖОО алдындағы мақсат-міндеттерді нақтылап белгілеп берді. Қазақстан Республикасы Ректорлар Кеңесінің төрағасы ретінде мен еліміздің жетекші университеттері Президенттің жаңа бастамасын түбегейлі қолдайды және элитарлық білім беру жүйесін қалыптастыру үшін барлық қажетті күш-жігерін жұмсауға даяр деп есептеймін.

Еуразия Ұлттық университеті, қазіргі таңда элитарлық білім беру мәселесін жаң-жақты қарастыру үстінде.

Университетіміздің Елбасы айқындаپ берген негізгі мақсаты - Қазақстанның жаңа кезеңдегі сұранымын қанағаттандыратын жоғары білікті, биік парасатты маман әзірлеу, дүниежүзілік ықпалдастық үрдісінде мемлекетіміздің мұддесін лайықты корсету. Осы бағытта біз «Қазақстан - 2030» Стратегиясы мен «Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасын» басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасында элитарлық университеттік білім беру тұжырымдамасының (2005-2015)» жобасын әзірлеп, мемлекет пен үкімет басшылығына ұсындық. Елбасының бастамасымен 2004 жылдың соңында өткен білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде осы тақырып аясында баяндама жасап, жобаны ұсындық. Мұнда элитарлық білім берудің мақсат-міндеті, қазіргі университеттік білімнің жай-жапсары, элитарлық білімнің тұжырымдамалық негізі, университеттік білімді модернизациялаудың басым бағыттары, басымдылықтарды нактылау, басымдылықтарды жүзеге асырудың тетіктері, күтілетін нәтижелер, тұжырымдаманы жүзеге асырудың тетіктері анықталған және талданыштаразыланған Жақында ғана АҚШ пен Ресейдің танымал ғалымдарының қатысуымен халықаралық ғылыми конференция өткізіп, онда білікті мамандар Қазақстанның бастамасына қолдау білдіретін айтып, тарқасты.

Элитарлық білімді белгілі бір топ азамат қана қол жеткізе алатын оте кымбат білім деп емес, дарынды, зерек жастардың жоғары сапалы, терен білім алуы деп түсіну керек. Элиталық университет- білімнің ізгі мұратының нақты іске асуы, қоғамға қажеттігін биік сезінетін, рухани байланыстағы адамдардың бірлігі. Мәдениеттегі сабактастық, казіргі өмірге барды жоймай бейімделу, сртенгі күнге сәтті қадам басуғатынғылыштыдаярлық секілді факторларды біріктіретін элиталық университетте білім, мәдениет және ғылым сынды үш жүйе тұтастануы тиіс.

Эрине, үлкен істі орындау үшін үлкен күш керек. Сондықтан элиталық, немесе тандаулы деңгейге көтерілу жолындағы басты тетік - жоғары білікті мамандар қалыптастыру, ең озат окушыларды студент етіп тандау, материалдық-техникалық базаны жақсарту, үлттық және еуразиялық құндылықтар үлкендеу, университет технопаркін құру, білім беру қызметінің наркына

бейімделу, білім сапасын бағалаудың бейтараптылығына қол жеткізу, ғылым мен білім бойынша халықаралық байланыстарды арттыру, оқытушы мен студенттік әлеуметтік зәруліктерін шешу секілді жұмыстар екенін нақтыладап айттық.

Бізде гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары зерде мен танымның қос қанаты секілді дамытыглып жатыр. Гуманитарлық ғылым көбіне әр мемлекеттің өзінде жасалады. Руханият саласы ұлт зердесімен сабактас жетіледі. Сондықтан бұл сала өссе де, өспесе де кіналының кім, я не екенін біліп жазғыра аласыз. Біздіңше, айталық, тарих **немесе** тіл саласындағы түрлі бітпес дау-дамайлар (тарихты дәуірлеу, Шыңғысхан тұлғасы, яки термин, орфография, алфавит мәселесі) - ез ғалымдарымыздың мұддесінен, танымынан туындалап жаткан проблемалар. Мұны реттейтін де, бір ізге түсіретін де өзіміз болуымыз керек. Шүкір, Қазақстанның гуманитарлық ғыльгымы көш соцында қалып жатқан жок. Бұл салада Еуразия Ұлттық университетінің маман-ғалымдарының да өзіндік үлес қосып келе жатқанын мактандышпен айта аламыз. Университетіміздің іргесінен ұлттымыздың рухани жәдігерліктерін іздестіретін, жинайтын, сараптап-жүйелейтін, зерттейтін ғылыми орталық ретінде «Отырар кітапханасы» орын алған. Елбасымыз тарихи тағылым, мәдени мұра мәселесін көтергенде, бағзының жарқын бетін жаңғырту керектігін жиі айтады. Еуразия **кенісітігінде** ат ойнатып, жұмыр жердің жартысын билеген бабалардан қалған жәдігер мұралар - оку ордасының Еуразия идеясын тарихтың терең қойнауынан іздең, корытатынын керсетсе керек.

Таңдаулы университет ошактың үш бұтындей білім, ғылым және мәдениетке негізделсе, біздегі Жазу музейі мен Л.Гумилев кабинеті мәдени мұра ретінде оку процесіне тікелей жәрдемін тигізіп отыр. Мұнда бағзы замандардан осы күнге дейшігі қазақ тарихына қатысты жазу-сызудың жеті атасы қойылған. Музей алдындағы Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесі - аталған мәдени орынның темірқазығы. Жалпы, Еуразия ұлттық университетінің «Жазу тарихы музейі» - тарихқа ынтызарлардың жиі келетін орны.

Жаңа заманның университеттері білім күшімен қатар мәдени орындарымен мақтана алады. Осы ретте Еуразия ұлттық университетінде Абай, А.С. Пушкин, ІА.Байтұрсынұлы

кабинеттері жасақталып, көшілік қауымға қызмет етуге даяр.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын Еуразия университеті тұрақты басшылыққа алып келеді. Қазірдің өзінде осы бағытта бірнеше ғылыми-теориялық конференция өткізіп, ғылыми жинақтар, монографиялар шығардық.

. ЕҰУ ғалымдары тарапынан акыл —ой алыптарының кітаптарын жариялау қолға алынды. Мысалы, Алаш зияльдарының шығармалары және фольклорлық мұралар жарық көрді.

. Үстіміздегі жылы наурыз айында мен Франция республикасына іс-сапармен барып, сондағы Шығыс тілдері мен өркениеті институтында болдым. Осы окуорнының ректор Жак Легран мырзамен іскерлік келісім шартқа қол қойып, аталған институттың архивінде сақталған ұлттымыздың даңқты қайраткері Мұстафа Шоқайға қатысты құжаттардың көшірмесін алатын болып келістім. Бұл отандық мұратану үшін үлкен олжа болады деп есептейміа

Университет мемлекеттік тіліміз - казақ тілінің белсенді жанашыры. 2004 жылы тұнғыш рет Еуразия Ұлттық университетінде мемлекеттік тіл колданысын жүзеге асыру туралы тұжырымдама кабылдалап, осыны үйлестіретін бөлім аштық.

Тілдің қолданыс аясын кеңейту тәрбиеге тікелей байланысты. Өз басым тәрбиені мәдениеттің қанаттас бөлігі деп санаймын. Сондықтан әріптестеріме «біз ең алдымен торбиеші болуымыз керек» дегенді жиі айтамын. Ұлттық тәрбиенің қайнар-көзі - халық. Біз сол өз халқымызды жақсы білмейміз. Ал бұл халықты халық стіл отырған - дәстүр. Көрші қытай ойшылы Конфуцийден «Мемлекеттіліктің негізі не?» деп сұрағанда, ол: «Дәстүр, дәстүр жәнс тағы да дәстүр» деп жауап қайырған. Мен басқа ұлтты, немесе елді томендете алмаймын, олардың да игі дәстүрлері бар. Бірақ қазақелінің азаматы ретінде халқымыздың аталы сөзге токтау, үлкенді сыйлау, берекесіздікке бармау, обал мен сауапты ойлау туру, көшілік орында ізетті болу, т.б. қасиеттерді ұлттымыздың паспорты деп білемін. Бір қызығы осының бәрі мақал-мәтелдерімізде философиялық аспектіде тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болып ұсынылған.

Мың Ұлттық тәрбие заңмен, күшпен орнықпайды, талғам-

түсінікпен, санамен орнығады. Олай болса бұқаралық ақпарат қуралдары, сонымен бірге ең бастысы өзін тәрбиешімін деп есептейтін азамат ұлттық тәрбиенің қандай болатынын нақты ісімен насиҳаттауы қажет.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақшылық» деп ғұлама Абай айтқандай, бүгінгі заманда білімге қатысты дүниенің бәрі де имандышық пен адамгершілікке бағынуы керек.

Бұл ретте еліміздің қалам ұстар азаматтары мен зиялы қауымына, ақын-жазушыларына ұлken жауапкершілік жүктеліп отыр. Жәнібек ханның тұсындағы Асан қайғы, Абылай заманындағы Бұқар жырау мәртебесін оймен салмақтап көрейікші. Одан бергі тұстағы Кеңес кезеңі қанша қатал десек те, әдебиетіміздің алыптары елге де, билікке де беделді болды. Бүгінгі қоғамымыздағы Әbdіжәміл Нұрпейісов, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Мұхтар Мағаун, Сәкен Жұнісов, Қабдеш Жұмәділов, Төлен Әbdіков, Герольд Бельгер, Фариза Онғарсынова, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Шаханов, Темірхан Медетбек және өзге де абыройлы қаламгерлеріміздің әрқайсысы бір биік емес пе!

Ақын-жазушының жазғаны білім саласы үшін қашанда бағалы. Біз «Әліппеден» бастап өмірлік ғибратты сұбектерге дейін коркем шығармалармен сузынтаймыз. Абайдан бастау алған рухани-мәдени мектептің өкілдері Элихан, Ахмет, Мағжан, Жұсіпбек, Мұхтар сынды алыптардың туындысы - біздің ғұмырлық темірқазығымыз. Бір өкініштісі, қазір көркем шығармалар аз таралыммен шығады. Және бір қынжылтатыны: Абайдай даналардың кітабы жыл сайын жарияланбайтыны. Менінше, Абай өлеңінің жақсы мұқабалы - жинағы кітап дүкендерінде үзілмей тұру керек. Біз оны бір-бірімізге де, қонақтарымызға да қасиетті дүние ретінде сыйлар едік. Барлық әдебиет алыптары жөнінде осыны айтуда болады. Ал, өзімізге келсек, «болмасаң да үқсап бак» дегендей, жаратылыстанутехника, нақты ғылым салаларының өкілдері руханиятты Қаныш Сотбаевтай, Евней Букетовтей қадірлей білуге тиістіміз. Бізге ұстаз болып, кәсіби шындалуға баулыған Евней аға әркез:

«Әдебиет пен мәдениет - кең тыныс қой. Абайды оқыған сайын адамзат ойының тереңдігіне бойлаймын» деп отыратын. Ардакты аға сөзімен айтсақ, білімге арқау болған жалпы мәдениет - кең тыныс. Ойдың тынысы, акылдың кен өрісі.

Килы заманда дүниеге келген ұлы Абай елдік бірлік пен ұлттық үйису үшін халыкты ынтымаққа, біліктілік пен білімге үндеді. Әуелі өз халқының ішкі тұтастығын қурауға күш салған ойшыл, жаңа заман жастарын ғылым мен білімге үмтүлуға шақырды. Содан кейін, әйгілі өлеңінде «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айтқандай, Батыс пен Шығысты алаламай, адамзаттың ортақ құндылықтарын жатсынбай кабылдау керектігін қадап айтты. Бұл орайда, Абай мұрасын басшылыққа алған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тәуелсіз еліміздің келешегіне жол салып, XXI ғасырдың биігінен көрінеріне күмән келтірмейміз.

Сөзімнің соңында ақынның мерейтойына арналған іс-шараға үйіткі болып, данышпан Абайға адалдық танытып отырған Тіл комитетіне ризалық көнілмен раҳмет айтамын.

*Contribution de Monsieur Albert Fischler
France –Professeur Honoraire, Officier dans l'Ordre des Palmes
Akademiques, Laureat du Pris de la Paix et de
l'Entente Culturell de la Republique du Kazakhstan.*

INFLUENCE DE L'CEUVRE D'ABAI ET LANGUE FRANCAISE:

En 1995 lors des Celebrations pour le 150° Anniversaire du Grand Abai, la jeune Republique du Kazakhstan sortait a peine de l'ombre aussi les manifestations grandioses donnees tant a l'Unesco a Paris, qu'au Kazakhstan a Almaty ou a Semei (Semipalatinsk) ont permis de reveler a l'ensemble du monde intellectuel l'ampleur de l'apport culturel de < l'Akin> :Abai Kounanbaioul.

Il y a dix ans donc dans le cadre des Colloques a l'Unesco a Paris et au Kazakhstan j'insistais sur l'importance accordée par Abai aux notions "d' etudes et de culture" telles qu'il les a précisées dans ses "45 Réflexions en prose" (Gaklii). Ici, a Astana, pour traiter le theme de la Conference International!,

interrogeons nous sur l'héritage laisse pour les générations actuelles par la "Langue d'Abai". Le thème de "la Langue", est d'ailleurs primordial, il rejoint par bien des côtés ce que le philosophe français Alain disait:

"..Le langage est ce beau domaine qui s'étend des profondeurs de la musique aux sommets de l'algèbre.."

Notre propos va suivre 3 directions:

La "langue d'Abai" permet aujourd'hui, une affirmation identitaire comme ce fut le cas dans le XVI^e siècle pour le "français".

Cet héritage linguistique offre la possibilité d'une ouverture intellectuelle sur le monde moderne.

Enfin, ces deux "langues" participent aux musiques littéraires que chacun peut apprécier.

1) L'héritage des mots c'est aussi celui des idées, celui des réalités humaines et avec Abai celui de l'affirmation d'une identité nationale car avec lui, les colloques qui lui ont été consacrés, chacun a pris la mesure de la profondeur de la culture ancestrale du Kazakhstan. Ce qui a participé à l'encouragement de l'étude de la langue kazakhe à l'Inalco à Paris puis de rendre un hommage remarqué en 2004 à l'Unesco au "batyr-poète" Makhambet, celui qui s'est exclamé:

"...Ne du grand aigle noir de la steppe, je suis l'oiseau Kalykpan ma langue est vive et je suis de bon sens..".

Vous le savez, la langue kazakhe pratiquée aujourd'hui est le produit d'une réalité historique qui depuis ses origines turkeo-mongoles a transité par le biais de la langue savante héritée du "jety-jargy", celle du Khan Tauke et des grands <biis>tels Tole-bii, Kazybek-bii ou Aiteke-bii, avant de fleurir sous la plume d'Adai.

Cette langue enseignée dorénavant dans toutes les écoles du Pays en tant que 1 langue nationale permet de rassembler la communauté kazakhstanaise dans un destin commun et cela:

"permet aux hommes de se comprendre et faire ensemble des actions qu'il est impossible d'accomplir seul...",

(Abai -réflexion en prose n°38).

Autre héritage pour la langue française, produit de la rencontre entre différentes influences dont la grecque et latine et qui ont créé de nombreuses variantes aussi au XVI^e siècle afin d'éviter la dispersion linguistique dans le domaine administratif le pouvoir: royal

impose le français avant que la Révolution au XVIII e puis les lois scolaires de la fin du XIXe ne fassent le français dans toutes les strates de la société.

Ainsi langue kazakhe aujourd'hui, héritée d'Abai en partie et langue française hier, dans les deux cas on sent le désir avec la langue d'affirmer une identité forte afin d'encourager une cohésion nationale.

2) Parmi les langues véhiculaires qui sont pratiquées au Kazakhstan le russe assure une liaison interethnique particulière, Abai lui-même avait conseillé cela car écrivait-il au XIXe siècle:

“..il faut apprendre la langue russe (ce qui permet d'accéder aux connaissances modernes) (Réflexion n°25),

Et le philosophe ajoutait avec pertinence:

“...celui qui possède la langue et les trésors spirituels d'une autre nation, devient son égal et ne l'implore pas indignement” (Réflexion n°25).

Cela nous permet de rappeler ce que disait le poète chilien Pablo Neruda concernant le trésor apporté par la langue espagnole aux populations amérindiennes. Finalement grâce à la connaissance d'autres langues, Abai affirmait combien être à une identité plurielle qui lui convient, de s'ouvrir sur le monde.

“ ... le langage étant la mémoire de l'humanité..”, comme l'a exprimé un philosophe français, alors non seulement à travers une, mais surtout plusieurs langues pratiquées, ont fait constamment vivre l'humanité dans laquelle seule “...l'ouverture d'esprit et l'effort vers la connaissance...” (Réflexion n°23), peuvent réunir les hommes.

Ainsi dans le monde rêvé par Abai, seul “...un homme ne peut en surmonter un autre que par son intelligence, son honneur, son caractère, son savoir..” (Réflexion n°17).

Dans le même état d'esprit, en France, le centralisme linguistique du XIXe siècle tendait à occulter au XXe les "parlers locaux" voire l'apprentissage intensif des langues étrangères. Aussi depuis plusieurs décennies, l'encouragement de l'étude des langues locales anciennes comme le breton, le basque par exemple, permet d'accompagner la connaissance approfondie de la langue française et bien sûr l'apprentissage plus sérieux des langues internationales ces langues internationales ce qui ouvre une vision élargie sur le monde.
Is ,3) Ilya juste 10 ans à la tribune qui m'étais offerte à Semej, je, I

m'ecriais:

"Oui Adai tu as dèsormais gagne la bataille de la culture, tes mots ont ete plus forts que les armes!..."

Interessons - nous donc pour conclure a quelques mots de la langue d'Abai et de la langue française et laissons nous aller a "La seduction de la musique des sons" telle qu'on peut la decouvrir dans les poesies d'Abai sachant que, comme le dit Γ Akyn lui-même

"...La Poesie est la reine des mots.. "

Beauté des mots, beauté des sonorities, quell kazakhstanais n'est pas emu par ce chant que vous connaissez tous? .

"...kesemen karassa.." (kenlemnen sanassa).

(La prunelle de mes yeux) dans les deux langues torte la musique des syllables bersen la melodie et lui donnent une profondeur sentimentale. Beauté des sons, pertinence des idees...

"...gachetek Tili, Tilcyz Til.. " (On parle d'amour du fond de soi..)

Γ en-tete de ce groupe de poésies d'Abai joue avec les sonorities langoureuses..

Sur les ailes de Γ inspiration poetique et grace aux stridulations des cordes d'unedombra ou d'un kobyz traditionnels, cette langue abaienne se faufile dans nos esprits europeens et leur apporte la revelation d'expressions qui ont berce et qui continuent a le faire des generations charinees.

Finalment, grace a ses incitations constants pour pousser chacun a faire Γ effort de se cultiver et d'acquerir des connaissances Linguistiques elevees, devant les realites contemporaines, les langues tant au Kazakhstan qu'en France, peuvent s'adjoindre des expressions nouvelles économico-politiques afin de permettre a tous de mieux epouser leur temps sans renier leur passe.

Votre grand poete actuel, Oljas Souleimenov s'adressant a Makhambet s'est exclamé:

"...Si tu vis, nous sommes vivants!.."

Eh bien Abai, ta presence, ton heritage sont toujours vivants et tu nous insuffles ton dynamise, oui:

LISONS ABAI, ABAI TU ES TOUJOURS VIVANT!

Abaidi okiik, Fbai, sen mangui tirisin! /// ti vsegda jivoi!